

Көшелерді қайта атау туралы

Қарағанды облысы Нұра ауданы Щербаковское ауылының әкімінің 2017 жылғы 11 қазандағы № 1 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 20 қазанда № 4401 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңына және Қарағанды облыстық ономастика комиссиясының 2017 жылғы 4 шілдедегі қорытындысына сәйкес, Щербаковское ауылының әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Нұра ауданы Щербаковское ауылының көшелері:
 - 1) Целинная көшесі Нұрлы жол көшесіне;
 - 2) Строительная көшесі Астана көшесіне;
 - 3) Мира көшесі Тәуелсіздік көшесіне;
 - 4) Степная көшесі Алтын Орда көшесіне;
 - 5) Ставропольская көшесі Мәңгілік ел көшесіне;
 - 6) Речная көшесі Ынтымақ көшесіне;
 - 7) Озерная көшесі Болашақ көшесіне;
 - 8) Новостройка көшесі Достық көшесіне;
 - 9) Ново-Московская көшесі Сарыарқа көшесіне;
 - 10) Набережная көшесі Қазақстан көшесіне қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауыл әкімінің
міндеттерін атқарушысы*

Н. Оралбаев